

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨҢІРІНІҢ ДАМУ СЦЕНАРИЙЛЕРІ

Халықаралық процестерді зерттеуде қолданылатын әдістердің қатарына сценарийлік модельдеу әдісі де кіреді. Сценарийлік модельдеу – бұл орта және ұзақмерзімді стратегиялық талдау және жоспарлау үшін пайдаланылатын болашақты болжау құралы болып табылады.

Отандық сарапшылардың¹ зерттеулерінің бірінде **Орталық Азия өңірінің 2027 жылға дейінгі дамуының үш нұсқасы келтірілген: 1) Жаңа ортағасыр, 2) Өркендеп жатқан автократия, 3) Алтын ғасыр 2:0.**

		
Сценарий түйіндемесі Экономикалық өсу, реформалар мен прогресстер барлық елдерде бақыланды. Саяси өмір консервацияланады. Орталық Азия елдерінің саяси және экономикалық дамуындағы өсіп жатқан алшақтық біртұтас өңірдің бытыраңқылығын күшейтетін болады және бұл Ортағасырдың модельдері бойынша бәсекелестікке (бәсекелестіктер, қайшылықтар, келіспеушіліктер) және өз елдік мүдделерін қатты қорғауға себепші болады. Нәтижесінде өңірдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қолдауда сыртқы ықпалдың рөлі күшейеді.	Сценарий түйіндемесі Халықаралық тұрақсыздықтың, сын-тегеуріндердің артуымен Орталық Азия болашаққа қалдырылған саяси жаңғыртумен «алдымен экономика, содан соң саясат» модельдерін жүзеге асыру жолдары бойынша жүретін болады. Нәтижесінде саяси өмірді консервациялау кезінде ауқаттылық өсетін болады. (әр елде жабықтылықтың өз дәрежесі болады), Өңірдегі кооперация тұрақты болмайды. Орталық Азиядағы тактикалық серіктестік уақытша жобалар мен мүдделер негізінде қалыптасатын болады.	Сценарий түйіндемесі Орталық Азияда «алтын ғасырдың» басталуы экономикалық өсудің жаңа моделін табу және жүзеге асыру кезінде және өкіметке мемлекеттік басқарудың және саяси жүйенің реформаларына бейім саяси истеблишменттің прогрессивті ниеттенген өкілдері келуі мүмкін. Өңір бірыңғай экономикалық тұтас, ең тұрақты, қауіпсіз еуразиялық хаб ретінде прагматикалық дами бастайды. Орталық Азиядағы кооперация жалпы мүдделер және бір-бірінің әлеуеттерін өзара толықтыру негізінде құрылатын болады.

Тапсырма: Ұсынылған сценарийлердің кез-келген біреуін таңдаңыз. Таңдалған сценарийдің жоғарыда көрсетілген резюмесін ескере отырып, Орталық Азия өңірінің дамуына төмендегідей векторлар бойынша қысқаша сипаттама беріңіз: халықаралық жағдай, геосаясат, қауіпсіздік.

¹ Орталық Азия 2027: өзгеріп жатқан стратегиялық көрініс. Алдағы он жылға ықтимал сценарийлер. – Астана: ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы, 2017. – 122 с.